



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 20 тамыз

2018 жылғы 10 тамыздан 17 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

2018 жылғы 17 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,9%-ға әлсіреп (356,8-дан), 360,12 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарығында 2018 жылғы 10 тамыздан 17 тамыз аралығында Түркияның АҚШ-қа қарсы кейбір тауарларын импортына жауап санкцияларын енгізуі, Түркиядағы ықтимал дағдарыс жөніндегі қауіптер аясында инвесторлар толеранттығы тәуекелінің өзгеруіне байланысты дамушы елдерден инвесторлар капиталының әкетілуі, АҚШ-ты бөлшек сату және өнеркәсіптік өндірістің өсуі бойынша экономикалық деректердің жариялануы маңызды оқиғалар болды. Бұл факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтардағы бағамының кейбір құбылмалылығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** инвесторлардың дамушы нарықтарға төзімділік тәуекелінің жалпы төмендеуі аясында капиталдың әкетілуі салдарынан 3,9%-ға (14,09-дан 14,64-ке дейін) әлсіреді. Сондай-ақ валюта бағамының әлсіреуіне парламентке Оңтүстік Африка Резерв Банкін мемлекет меншігіне алу туралы заң жобасы енгізілгеннен кейін елдің конституциясына активтердің өтеусіз экспроприациялау бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесі қысым жасады;

- **Үндістан рупиясы** талдаушылардың мұнай бағасының жоғары болуы салдарынан сауда дефицитінің одан әрі ұлғаюына (2018 жылғы маусымда 18 млрд. АҚШ доллары) қатысты болжамдарына байланысты 1,9%-ға (68,84-тен 70,16-ға дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** үкімет сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыптаған бұрынғы президент Луис Лула да Силваның президент сайлауына ұсынылуына байланысты саяси белгісіздік аясында 1,3%-ға (3,86-дан 3,91-ге дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** Индонезия Орталық банкінің базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешім қабылдауына қарамастан, 0,8%-ға (14 478-ден 14 593-ке дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** аптаның ішінде айтарлықтай өзгерістерсіз бір АҚШ доллары үшін 18,91 – 18,89 песо деңгейі шегінде сатылды;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Ресей рублі** 0,9%-ға (67,73-ден 67,12-ға дейін) нығайды. Fitch кредиттік агенттігі тәуелсіз рейтингті BBB- деңгейінде қалдыра отырып, Ресей үшін оң болжамды сақтап қалды;

- **Түрік лирасы** елдің тәуелсіз рейтингін S&P кредиттік агенттігінің BB--ден B+-ға дейін және Moody's кредиттік агенттігінің Ba2-ден Ba3-ға дейін төмендетуіне қарамастан 6,4%-ға (6,43-ден 6,02-ға дейін) нығайды. Бір аптаның ішінде түрік лирасының бағамын тұрақтандыру үшін Түрік Үкіметі қаржы жүйесін және инвесторлардың сенімін нығайту бойынша шаралар қабылдады. Өз кезегінде Түркияның Орталық банкі коммерциялық банктердің реттеу қағидаларын әлсіретті, қажетті резервтер көлемін төмендетті және валюталық своптармен операциялар бойынша лимиттерді акционерлік капиталдың 25%-на дейін қысқартты.

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %

(2018 жылдың басынан бастап 2018 жылғы 17 тамыз аралығында)
Изменение курсов валют развивающихся стран к доллару США, %
(с начала 2018 года по 17 августа 2018 года)





Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %

(2018 жылғы 10-17 тамыз)
Изменение курсов валют развивающихся стран к доллару США, %
(10 - 17 августа 2018 года)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2018 жылғы 3 тамыз=100)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz